

№114  
“Сайрам”  
ЖОМ

**Сабақ тақырыбы:**  
**Литосфераның тектоникалық қозғалыстары**

география  
пәні мұғалімі  
Атаходжаева  
Нигарай

**Сабақ негізделген оқу мақсаты:**  
7.3.1.3- Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг.

**Сабақ мақсаттары:**

**Тілдік мақсат:**

**Барлық оқушылар**

Литосфера плиталары, олардың қозғалыстары нәтижелерін талдау.

**Жазылым дағдысы**

дәптерге тақырып ішіндегі жаңа термин сөздерді жазады. Дрейф, коллизия, субдукция, спрединг

**Оқушылардың басым бөлігі**

Геосинклиналь және платформаларды салыстыру.

**Оқылым дағдысы**

Мәтінді оқи отырып литосфера плиталары, олардың қозғалыстарын зерделейді

**Кейбір оқушылар:**

дрейф, коллизия, субдукция, спрединг құбылыстарын бір-бірінен айыру

**Айтылым дағдысы**

Түрлі эра мен дәуірлерде жер қыртысында болған өзгерістерді сипаттайды

# Белсенді оқу әдістері:

## “Миға шабуыл” әдісі

Бұл әдіс арқылы үй тапсырмасын пысықтау

**Мақсаты:** Әдіс қолданғанда оқушыларды сыни тұрғыдан ойландырып, тақырыпты меңгерту. Оқушылардың қабілетіне қарап сұрақтар қойып, қызығушылығын арттыру

## «Джиксо» әдісі

Жана тақырып бойынша оқушылар жұптаса отырып бір-біріне түсіндіреді

**Мақсаты:** Оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, оқушылардың сөз сөйлеу шеберлігімен бірін-бірі тыңдай білу мәдениетін арттыру

## «Сұрақтар телпегі» әдісі

Мәтін туралы басқа оқушының пікірін білу және оны өз пікірімен салыстыруға арналған сұрақтар түзеді

**Мақсаты:** Әр бір оқушы өзінің көзқарасын айтуға, дәлелдеуге және басқалардан үйренуге мүмкіндік беру, оқушылардың сұрақ құрастыру және сұрақ қою дағдысын дамыту.

## Ойлан-топтас-талқыла әдісі

Бұл әдіс арқылы оқушылардың топтық жұмысы орындалады

**Мақсаты:** Берілген тапсырма бойынша әрбір оқушыға топтық жұмыс жасау арқылы идеялар арасындағы ойларын байланыстыруға мүмкіндік беру, өз ойын қорытып жұп болып пікірлерімен бөлісу

# Саралау тәсілдері

Джиксо әдісі  
«Мәтінмен жұмыс»

Саралау тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылар қабілетіне қарай тапсырмалар беріледі

«А»  
Мәтінді оқып шығып мазмұнын айтып бер

Сөйлеу қабілеті жоғары оқушыларға тапсырмалар беру арқылы географик деректер нақтыланады.

«В»  
Мәтінді оқып шығып оған жоспармен сұрақтар құрастыр

Бұл тәсіл бойынша оқушыларды қызығушылығы артып, теориялық білімдері қалыптасады

«С»  
Мәтінді оқып шығып өз ой-пікірің бойынша түсініктеме бер

Сабақта оқушының алған білімі жинақталып, есте сақтау қабілеті артып барады

# Критериалды бағалау

Күнделікті оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалау жүргіземін

## Бағалау критерийлері

- Литосфералық тақталардың өзара әрекеттесуі барысында жер бедерінің формаларын пайда болу себептерін талдайды.
- Картасхемада литосфера плиталары шекараларын, плита аттарын зерделейді.
- Дүниежүзінде жиі болатын литосфералық катаклизмдер аумағы туралы пікір таласады.
- Дрейф, коллизия, субдукция, спрединг құбылыстары туралы түсініктерді ажыратады

Ұсыныстар

## Дескриптор

- мәтінмен танысады
- жұптаса отырып бір-біріне түсіндіреді
- жоспар мен сұрақтар құрастырады
- Түсініктеме мен сын-пікір береді
- суреттерге қарап плита әрекеттері түрлерін талқылайды
- картасхема мен танысады
- плита шекараларын сызады
- плита аттарын жазады
- іс-әрекет туралы өз ой-пікірін айтады
- АКТ арқылы дүниежүзінде жиі болатын катаклизмдерді анықтайды
- катаклизмдер шекараларын сызады
- платформалар мен геосинклинальдар туралы пікір таласады

Қалыптастырушы бағалау

Кері байланыс